

Байғанин ауданының жекелеген елді мекендерін тарату туралы

Бірлескен Ақтөбе облысының әкімдігінің 2007 жылғы 5 желтоқсандағы № 397 қаулысы және Ақтөбе облысының мәслихатының 2007 жылғы 5 желтоқсандағы № 31 шешімі. Ақтөбе облысының Әділет департаментінде 2007 жылдың 26 желтоқсанда № 3235 тіркелді

"Қазақстан Республикасының әкімшілік-аумақтық құрылысы туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 11 бабына сәйкес Байғанин ауданының өкілді және атқарушы органдарының ұсыныстарын ескере отырып, **облыс әкімдігі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ және облыстық мәслихат ШЕШІМ ЕТЕДІ:**

1. Халқының саны 50 адамнан кем Байғанин ауданының Жаңажол ауылдық округінің Нұржау ауылы, Жарқамыс ауылдық округінің Қалдайбек ауылы таратылсын.
2. Байғанин ауданының әкімі таратылған ауылдардың жерлерін одан әрі пайдалануға байланысты мәселелерді шешу үшін шаралар қабылдасын.
3. "Ақтөбе облысының статистика басқармасы" ММ (А.Д.Мұқаев) жоғарыда аталған елді мекендерді есепті деректерден шығарсын.
4. "Ақтөбе облысының жер қатынастары басқармасы" ММ (М.Н.Жекеев) жер-кадастр құжаттарына тиісті өзгерістер енгізісін.
5. Осы қаулы және шешім ресми жарияланған күнінен бастап он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізілсін.

Облыс әкімі
Облыстық мәслихаттың сессия төрағасы